

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 587 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат):

1) 67-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй өздерінің жалғыз тұрғын үйі ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша ипотека нысанасы болған және оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңдарына сәйкес жергілікті атқарушы орган сатып алған Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.";

2) 72-баптың 2) тармақшасындағы "тұрғын үйді" деген сөздерден кейін ", жергілікті атқарушы орган тұрғын үйді осы Заңның 98-1-бабына сәйкес сатып алғаннан басқа жағдайларда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 74-баптың 1-тармағы "тұрғын үй қорынан тұрғын үй" деген сөздерден кейін ", осы Заңның 98-1-бабында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 75-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңның 98-1-бабында аталған санаттарына мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.";

5) 76-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңның 98-бабында аталған санаттарына мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.";

б) мынадай мазмұндағы 98-1-баппен толықтырылсын:

"98-1-бап. Жергілікті атқарушы орган сатып алған тұрғын үйдің құқықтық режимі

1. Ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша оған талап ету құқығын беру нәтижесінде кепіл ұстаушы ретінде әрекет ететін жергілікті атқарушы орган жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған ұзақ мерзімді жеңілдікті тұрғын үй кредиті бойынша сатып алынған, кепіл берушінің - Қазақстан Республикасы азаматының ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша міндеттемені орындауға қабілеті

болмаған жағдайда, кепіл берушінің өтініші бойынша келісімнің басқаға беру туралы шарттарына сәйкес тұрғын үйді сатып алуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы орган сатып алған тұрғын үй коммуналдық меншікке өтеді және кепіл берушіге беріледі, ол оны кепіл ұстаушының ипотекалық талап ету құқығын беру құны бойынша жекешелендіруге құқылы.";

7) мынадай мазмұндағы 119-2-баппен толықтырылсын:

"119-2-бап. Ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша талап ету құқығын беру ерекшеліктері

Осы Заңның 98-1-бабының күші Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығын іске асыруға байланысты туындайтын құқық қатынастарына ғана қолданылады."

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат):

21-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) кепіл беруші - Қазақстан Республикасының азаматы ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша міндеттемені орындауға қабілетсіз болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша талап ету құқығын сатып алады .".

**2-бап.** Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*